Тексерілді--------
Әдіскер Уразалина Г.Б

Бекітемін--------
Меңгеруші Курманова Л.Б

# Тақырыбы:"Менің отбасым"

(тәрбие іс-әрекеті)

Тәрбиеші: Сатаева А.Д

Қыркүйек, 2022

**Тақырыбы:** "Менің отбасым".

**Мақсаты**:балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын,ертегі,көркем сөз,мақал-мәтелдер арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке,кішіпейілділікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері:әңгімелеу,көркем сөз,ойын,түсіндіру

**Шаттық шеңбері:**



Бақыт деген-
Осы шаттық шеңбері
Қол ұстасып
Тұрайықшы , кел бері.
Бақыт деген-
Көрмей қалса сағынып,
Мені іздейтін
Адал жүрек отбасы.

**Көркем сөз.**



Айналайын, балам-ай,
Айналсын сенен анаң-ай.
Әлдилеп сені сүйгенде
Бәрінің болар көңілі жай.

-Балалар,мұндай еркелетер сөзді сендерге кімдер айтады?

-Дұрыс аналарың,әжелерің,аталарың,әкелерің айтады.

-Бұл адамдардың бәрін бір сөзбен отбасы мүшелері деп атаймыз.

-Сонымен бірге тағы кімдер бар?

-Ағамыз,апамыз,інміз,бөпелеріміз бар.

-Ал енді мына суретке назар салайықшы.

-Суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?

-Қандай отбасы мүшелері деп ойлайсыңдар?

-Дұрыс.Міне осы адамдар бір отбасы мүшесі болып есептеледі.Мысалы:А.Қаусар сенің отбасыңда қанша отбасы мүшесі бар?Бек сенің отбасыңда кімдер бар?Ал Бауыржан сен шығып өз отбасың туралы айтып берші.

Отбасы мүшелеріне арналған**тақпақтарымызды** балаларымыз айтып берсін.



**Раяна Қ** 1.Атамнан басталар,
Әжемнен қосталар.
Отбасым мыналар,
Ең жақын адамдар.
Әкем мен анам бар,
Бір туған ағам бар.
Бір туған апам бар,
Бәрін жақсы көремін.

**Бауыржан.** Ата сөзі-қасиетті,киелі,
Ата сөзі-жанға жылы тиеді.
Ата сөзі-өміріме өнеге,
Ата сөзі тек шындықты сүйеді.

**Айзере.**Таусылмайды өлеңі,
Күнде айтып береді.
Барған сайын бір жаққа,

Кәмпит алып келеді.
Әжем мені өйткені,
Өте жақсы көреді.

**Раяна Б.**Бақытты,барым өзің боп,
Құшағына еніп сүйенсем.
Сүюші ең-"Ботам,қозым"-деп,
Аналық ыстық сезіммен.
Сәбиге қанат қақтырған,
Тербеткен ақыл-санасын.
Дүниедегі ең тәтті ән,
Әлдиің екен Анашым!



**Сергіту сәті.**
Атамның алып күрегін,
Ауланың қарын күреймін.
Әжеме мен құдықтан,
Су әкеліп беремін.
Үйді де сыпырып,
Еденді де жуамын.

**Дид/ойын:"Даусынан таны"**
Ойын шарты:Аудиодан аналарының еркелетіп айтқан сөздері жіберіледі,ал балалар өздерінің аналарының дауыстарын табу керек.

**-Балалар отбасы туралы мақал-мәтелдерін айтып берсін.**



**К.Омар**1.Тәрбие- отбасынан басталады.
**Гүлсезім** 2.Ана көрген -тон пішер,
Ата көрген-оқ жонар.
**Раман**. 3.Балапан ұяда не көрсе,ұшқанда соны алады.
**Қ.Каусар**4.Ағасы бардың жағасы бар,інісі бардың тынысы бар.

Видеодан балалардың өз отбасындағы өмірінен алынған үзінді.







**"Шалқан" ертегісі.** Қазіргі заман талабына қарай өзгертілген ертегіні сахналау
Ата-Раман. Әже-Нұрай. Әке-Рамадан. Бала-Д.Омар. Ана-Айзере. Қыз-Диана







Міне балалар көрдіңіздер ме бірігіп,жұмылып ұйымшылдықтың арқасында шалқанды жұлып алды Осыдан да бір отбасының ауызбіршілігін,ұйымшылдығын көріп отырмыз.

**Қим/ойын**:"Дүкенші"

Ойын шарты:Балалар дүкеннен алған заттарын жақсы көретін адамдарына сыйлау керек.Кімге сыйлық алып тұрғанын айтып береді.

-Балалар мен де дүкеннен сендерге сыйлық алдым,соны таратып берейін.

**Ән:** «Ең жақсы адам»

